

КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ

Корпоративтік хатшының негізгі міндеті – ҚМГ мен акционер, акционерлер мен Директорлар кеңесі, Ішкі аудит қызметі, Комплаенс қызметі, Омбудсмен, Басқарма және ҚМГ-ның өзге де органдары арасындағы жүйелі коммуникацияларды қамтамасыз ету.

Корпоративтік хатшының міндеттері Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің қызметін толық қамтамасыз етуді, акционерлер тарапынан корпоративтік шешімдердің уақтылы және сапалы қабылдануына жәрдемдесуді, Директорлар кеңесінің

мүшелері үшін олардың қызметінің және Кодекс ережелерін қолданудың барлық мәселелері бойынша кеңесші рөлін орындауды, сондай-ақ Кодекстің іске асырылуына мониторинг жүргізуді қамтиды. Корпоративтік хатшы ҚМГ-дағы корпоративтік басқару практикасын жетілдіру процесіне жауап береді. Корпоративтік хатшы – өз міндеттерін тәуелсіз негізде жүзеге асыратын және Директорлар кеңесіне есеп беретін компания қызметкері.

2024 жылы ҚМГ-ның Корпоративтік хатшысы туралы ереже толық өзектендірілді.



ШӘРІПОВ ДАМИР ВАЛЕРЬЕВИЧ

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Туған күні: 1980 жыл 22 қаңтар.

Білімі

- Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, халықаралық қатынастар факультеті, мамандығы – «халықаралық құқық»
- Ресей Федерациясы Президентінің жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы, «Іскерлік әкімшіліктендіру шебері» бағдарламасы (МВА), мамандығы – «менеджмент»
- сертификатталған корпоративтік хатшы, корпоративтік хатшыларға арналған корпоративтік басқару саласындағы сертификатталған тренер, Samruk Business Academy тренері.

Жұмыс тәжірибесі

- 2001–2007 – Атырау облысындағы Теңіз кен орнында түрлі лауазым атқарды
- 2007-2012 – «Қазақстанның Даму банкі» АҚ
- 2012-2014 – ҚМГ және «ҚазТрансГаз» АҚ
- 2015 жылдың 5 қаңтарынан бастап – ҚМГ Корпоративтік хатшысы
- 2019 жылдың 1 ақпанынан бастап «Атамекен» Қазақстан Республикасы ұлттық кәсіпкерлер палатасының Төралқасы жанындағы корпоративтік басқару жөніндегі ұлттық кеңестің корпоративтік хатшылар комитетінің құрамына сайланды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

Директорлар кеңесінің мүшелері Комитеттердің жұмысына қатыса отырып, өзара байланысты функцияларды, мәселелер мен бағыттарды жан-жақты қарауға және талдауға жиналады. Комитеттердің отырыстары шақырылған сарапшылардың, бизнес-көшбасшылардың және өзге де мүдделі тұлғалардың қатысуымен өтеді. Директорлар кеңесінің комитеттері атқарушы емес директорлардан тұрады, олардың көпшілігі – тәуелсіз директорлар, сондай-ақ тәуелсіз директорлар да төрағалары болады. 2024 жылы

Директорлар кеңесінің шешімімен Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитетінің, Директорлар кеңесінің Стратегия және портфельді басқару жөніндегі комитетінің, Директорлар кеңесінің қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму жөніндегі комитетінің құрамына сарапшылар (дауыс беру құқығынсыз) қосылды. Директорлар кеңесі комитеттерінің функциялары мен міндеттері [ҚМГ-ның 2023 жылға арналған Жылдық есептің 238-бетінде мазмұндалған.](#)

ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ СЫЙАҚЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ ЕСЕБІ

2024 жылы Тағайындау мен сыйақылар жөніндегі комитеттің 18 отырысы өтіп, 112 мәселе қаралды.

Тағайындау мен сыйақылар жөніндегі комитеттің құрамы (2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша):

- Холланд Филип Малкольм – 2020 жылғы қыркүйектен бастап Комитет төрағасы;
- Арғынғазин Арман Әнуарбекұлы – 2023 жылғы маусымнан бастап Комитет мүшесі;
- Мыңшәріпова Сая Найманбайқызы – 2023 жылғы тамыздан бастап Комитет мүшесі;
- Шәкіров Асқар Оразалыұлы – 2024 жылғы ақпаннан бастап Комитет мүшесі.

Кадр мәселелері – Компанияның тиімді жұмыс істеуінің маңызды бөлігі. Тағайындау мен сыйақылар жөніндегі комитет Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін Компания қызметкерлерін тиісті тағайындау мен сыйақылары, сондай-ақ оларды даярлау мен біліктілігін арттыру бойынша ұсынымдарды Директорлар кеңесіне береді. Тағайындау үшін негізгі қағидаттар – кандидат құзыреттерінің лауазымның тиісті міндеттерін орындау үшін қажетті жоғары талаптарға сәйкес келуі, кандидаттың дағдыларының сәйкестігі және өз бағытында Компанияның стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру мүмкіндігі.

2024 жылы Тағайындаулар және сыйақы жөніндегі комитеттің

18 отырысы өткізілді

Комитет 2024 жылы қараған негізгі қызмет бағыттары бойынша мәселелер

Сабактастықты жоспарлау	• «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының «МАНСАП» жобасы бойынша сабақтастық жоспарына қабылданған 3 пұл (А, В, С) қызметкерлерімен жұмысты іске асыру барысы • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары лауазымына тағайындаулар • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы туралы ережеге өзгеріс енгізу • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының өкілеттік мерзімі мен лауазымдық жалақысының мөлшерін, еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау шарттарын белгілеу • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының сандық құрамын анықтау, мүшелерін сайлау, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма мүшесіне лауазымдық жалақының мөлшерін, еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау шарттарын белгілеу және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының міндеттерін орындауды жүктеу • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары лауазымына тағайындау • «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС Байқау кеңесінің мүшесі мен төрағасының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және сайлау • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма мүшелерін сайлау, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма мүшесіне лауазымдық жалақының мөлшерін, еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау шарттарын белгілеу, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес ұйымы – «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-да қоса атқаратын лауазымын келісу • «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТҚК» ЖШС Байқау кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТҚК» ЖШС Байқау кеңесінің мүшесін сайлау • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ цифрлық даму департаментінің директоры лауазымына тағайындау • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның Аппарат басшысы лауазымына тағайындау • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ірі мұнай-газ жобаларына іссапарға жіберу • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік хатшысы қызметінің маманы лауазымына тағайындау • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ комплаенс қызметінің басшысы лауазымына үміткерлерді іріктеу • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ лауазымдарын грейдке бөлу • «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысында дауыс беру үшін «ҚазТрансОйл» АҚ-ның акционері ретінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ позициясын айқындау («ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау, сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын белгілеу және «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің кейбір мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін шығыстарын өтеу мәселелері бойынша) • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз аға директорын сайлау
Қызметті тұрақты және тиімді бағалауды қамтамасыз ету	• 2023 жылдың қорытындысы бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің қызметін өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы; • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшы қызметкерлері қызметінің 2023 жылғы корпоративтік басты көрсеткіштері мен мотивациялық негізгі көрсеткіштерінің қорытындысы; • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшы қызметкерлері қызметінің мотивациялық корпоративтік басты көрсеткіштерінің мониторингі; • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы қызметінің 2024 жылға арналған корпоративтік басты көрсеткіштері / қызметінің мотивациялық басты көрсеткіштерінің картасы мен олардың нысаналы мәндері және жаңа редакциядағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшы қызметкерлері қызметінің 2024 жылға арналған мотивациялық басты көрсеткіштерінің карталары мен олардың нысаналы мәндері, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары қызметінің 2024 жылға арналған мотивациялық басты көрсеткіштерінің картасы мен олардың нысаналы мәндері • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік хатшысы қызметінің 2024 жылға арналған мотивациялық басты көрсеткіштерінің картасы мен олардың нысаналы мәндерін бекіту • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы қызметінің 2025 жылға арналған корпоративтік басты көрсеткіштерін / қызметінің мотивациялық басты көрсеткіштерінің картасы мен олардың нысаналы мәндерін және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшы қызметкерлері қызметінің 2025 жылға арналған мотивациялық басты көрсеткіштерінің карталары мен олардың нысаналы мәндерін бекіту • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның омбудсмен қызметінің 2025 жылға арналған мотивациялық басты көрсеткіштерінің картасы мен олардың нысаналы мәндерін бекіту • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік хатшысы қызметінің 2025 жылға арналған мотивациялық басты көрсеткіштерінің картасы мен олардың нысаналы мәндерін бекіту • «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС Бас директорының (Басқарма төрағасының) қызметінің 2024 жылға арналған мотивациялық басты көрсеткіштеріне жататын «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС қызметінің корпоративтік басты көрсеткіштері мен олардың нысаналы мәндерін бекіту • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ омбудсмені 2023 жылы атқарған жұмысы туралы есеп • 2023 жылдың қорытындысы бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің қызметін өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің қызметін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары • «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС Бас директорының (Басқарма төрағасының) қызметінің 2023 жылғы мотивациялық басты көрсеткіштеріне жататын «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС қызметінің корпоративтік басты көрсеткіштерінің қорытындысын және 2023 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС Бас директорына (Басқарма төрағасына) сыйақы төлеуді бекіту • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасарына лауазымдарды қоса атқарғаны үшін қосымша ақы белгілеу

Тиймді кадр саясатын, еңбекақы төлеу және сыйақы жүйесін қамтамасыз ету

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ орталық аппаратының құрылымын бекіту
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық жалақылары кестесіне өзгерістер мен толықтыруларды бекіту
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасарының лауазымдық нұсқаулығын бекіту
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметінің, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Комплаенс қызметінің, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ омбудсмені — омбудсмен қызметі басшысының, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік хатшысы қызметінің лауазымдық жалақылары
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшы қызметкерлеріне, Ішкі аудит қызметінің, Корпоративтік хатшы қызметінің, Комплаенс қызметінің және Омбудсмен қызметінің қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету ережесіне өзгерістер мен толықтырулар
- 2022 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Комплаенс қызметінің басшысына, Корпоративтік хатшысы мен омбудсменіне сыйлықақы төлеу
- 2023 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшы қызметкерлеріне сыйақы төлеу
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік хатшысының, омбудсменінің 2023 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша төленуге тиіс сыйлықақы мөлшерін айқындау
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ омбудсмен қызметі туралы ережені жаңа редакцияда бекіту
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік хатшысы туралы ережені және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік хатшысының қызметі туралы ережені жаңа редакцияда бекіту
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ омбудсмені – омбудсмен қызметі басшысының лауазымдық нұсқаулығын жаңа редакцияда бекіту
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің 2023-2024 жылдарға арналған кәсіби даму бағдарламасына өзгерістер енгізу
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметі, Корпоративтік хатшы қызметі, Комплаенс қызметі және Омбудсмен қызметі қызметкерлеріне ақы төлеу ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ кадр саясатын жаңа редакцияда бекіту
- 2024 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ омбудсменінің қызметі туралы есеп («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ омбудсмен қызметі атқарған жұмысы және 2024 жылға арналған жоспардың орындалуы туралы есеп)
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Омбудсмен қызметінің 2025 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту

Комитет мүшелерінің 2024 жылы өткен отырыстарға қатысуы

[illegible]